

**E-mail:** [astanahabary@astanatelecom.kz](mailto:astanahabary@astanatelecom.kz)

**№47** (2211) Сейсенбі **15 сәуір** 2008 жыл



# **АСТАНА**

## **ЖАБҒАРЫ**

Өмір деген қызық-ау...

Осыдан жарты ғасыр бұрын қазақ баспасөзінің қара шаңырағы "СҚ"-ға Жанұзақ Әбдіғұлов суретші болып жұмысқа орналасып жатқанда дүниеге шыр етіп келген Айдарбектің пешенесіне оның орынтағына отыру жазылғанын кім біліпті?! Әрине, ешкімнің де сәуегейлік айта алмасы анық. Бәрі де тек құдіретті күшті Алла тағалаға ғана аян-ды.

ЖАНАТ ЕПШІБЕК

Расында солай боп шықты. Жанұзақ аға зейнеткерлікке дайындалып, шабаданын жинастырып жүргенде, газетімізге суретшілер легін тарта бастады. Ол кезде өйтпеске болмайтын еді. Суретші — қаны жерге тамбай тұрған қат мамандық. Газетке кез келген қылқалам шебері келе бермейді. Жүріс-тұрысы да, киім киісі де, ең ақыры сақал-мұрт пен шаш қойыстары оқшауырақ көрінетін оларды партиялық басылымдар маңайына жөн-жосықсыз жолатпайды. Қатып-семген темірдей қатаң жүйенің жазылмаған өз заны, қабағымен ғана ұқтырар өз тәртібі бар. Мұны іштей сезетін бостан суретшілер газет есігін мүлдем ашпайтын. Еркіндікте өмір сүрген олар ертеңнен қара кешке сапасы төмен фотоларды тырналап ретушь жасап, ғұмыры бір күндік газеттік штрих-заставкаларды шимайлап отырғысы келмейді. Оның орнына кесек картиналар мен ертеңгі күні ел игілігіне айналар полотеналар жазуды дұрыс санайды ғой. Мұны тәптіштеп жатқаным, сонау-у бір жылдары редакцияда өрескелдеу әрі қызықтау, қалай десек те түрпілеу идеяның құлақ көтергені еріксіз еске орала береді. Бүгешігесіне дейін айтып, ішек-қарнын ақтармай-ақ қояйын. Кезекті лездеме үстінде ұжымды екіге қақ жарған әңгіменің жай-жапсарын жеткізейін.

Жайма шуақ лездеменің градусы күтпеген жерден көтеріліп, пікірсайыс көкпары басталып-ақ кеткені. Отқа шыжылдатып тұрып май құйған тәжірибелі де сақа журналист Бекділда Абдуллиннің тосын пікірі:

— Өздеріңіз қараныздаршы. Осындай штрих бола ма екен? Әп-әдемі очерктің мазмұнын ашпай тұр. Нашар штрих. Осыған орай маған мынадай бір ой келеді. Тәп-тәуір очерктерге, суреттемелерге, әңгімелерге белгілі суретшілерге заказ беріп, арнайы заставкалар жасатып көрсек қайтеді? Мәселен, Қанапия Телжанов, Камиль Шаяхметов тәрізді, тағы басқаларға... Қаламақысын да басып қояйық. Өйтпесе, мынадай мырқымбай штрихтарды салдырмайық әуре болып...

Лездемені жүргізіп отырған Сапекең — Сапар Байжанов оқыс лікірге алаңдай, қисайыңқырап бір жағын таянып, отырған қалпын өзгерте бойын тіктеген.

— Абдуллин жолдастың ұсынысын ескерген жөн бе деймін. Өзгелеріңіз бұған қалай қарайсыздар?

Бағанадан тыпыршыған Кеңесхан Зөкенов:

— Бекеннің жаңағы айтқан пікірлері дұрыс емес, - деді орнынан ұшып түрегеліп. — Мен онымен келіспеймін. Ең алдымен ескертерім, газет графикасы мен живописьті шатастырмау керек. Әлгіңде айтқан суретшілердің қай-қайсысы да газеттегі типімдей көлемді алатын штрихтарды өлсе салмайды. Дұрысы сала алмайды. Өйткені, олар кең тынысты қылқалам шеберлері емес пе. Соны білуіміз тиіс. Егер суретші іздесек, худграфта, училищеді оқып жүрген студенттерді газетке тартайық.

— Кеңесханның да ойы дұрыс сықылды. — Ежелгі әдетінше алыстан орағытып, пікірін нақтылай шегелемейтін редакторымыз секретариаттың назарын аударған. — Әлгіңдегі сын-ескертелерді қаперге алып, жігіттердің пікірлеріне құлақ саларсындар. Үлкен суретшілерге... несі бар заказ беріп көріңдер. Мүмкін...

Бастықтың сөзін аяқтатпастан орта жолдан киіп кеткен замонтет Совет Шиманбаев:

— Сапеке, қазір летучкадан шыққан бойда өзім заказ беремін, - деді көз әйнегін сипалай.

— Сөйтіндер, ойласындар, көрерсіндер... Иә, сонымен не болды дейсіндер ғой. Мүйізі қарағайдай суретшілер мырсылдап күліп, "тапқан екенсіндер заставка жақсайтындарды" депті бірінен соң бірі. Мұны естіген бастықтар да ләм-мим ауыз ашпаған. Өйтпегенде ше. Күштеп кімге сурет салғызарсың?

Өстіп жүргенде үлкенді-кішілі қазақстандық бүкіл басылымдар жарыса бірінші беттеріне өзін суреттер мен өткір карикатуралар жариялай бастады. Демократия лебі сыққан партиялық газеттердің беттеріне де қан жүгірткен. Жана редакторымыз Нұрлан Оразалин де тықақтап, "Әкспрестің" Кикосындай біреуді тездетіп табындар" дейтінді шығарды. Өзірге ешкім жоқ. Николай Лебедев, Александр Шестаковтар салған сықақ суреттерді арагідік бірінші бетке көрсетіп беретін болды. Сөйтсе де олардың туындылары қазақы менталитеттен тым алыстау жататын. Амалсыз басамыз. Бір-екі мәрте жарияланған юморист жас суретші Айдарбек Ғазизұлының карикатуралары көп көңілінен шықты. Оның салған сайқымазактары лездемелерде мақталып та жүрді. Тіпті, жігіттердің кейбірі: "Осы баланы қызметке шақырайық та" деген ұсыныстарын ашық білдірген. Бұл пікірді бастықтар да кош көрген-ді. "Өзімен сөйлесіп, тамырын басып көрсендерші. Қазір "Халық кеңесінде" істеп жүрсе, Сарбас Ақтаев ағамыз оңайшылықпен жібере қоймас. Жақсы қызметкерін кім беруші еді..."

Редакторымыз текке күдіктенбепті. Бұдан бұрын Айдарбектің карикатуралары хақында газетімізде мөлдіретіп жазған, өнер тақырыбының ұңғыл-шұңғылын тамыршыдай сезетін өзіміздің қызметкер Қали Сәрсенбайдан сыр суыртпақтап, барлау жасадым. "Әй, қайдам? Баспана жағынан киналып жүрген секілді. Жоғарғы Кеңестен үй болып қала ма деп дәмелі. Жанадан ашылған газеттеріне таяуда біраз пәтер бермекші көрінеді..." Әріптесімнің ойын аңғарған мен бізге анда-санда бас сұғып, суретші ағасы Жанұзақтың қасында әңгіме-дүкен құрып отыратын жүзінен шуақ төгілген, аса инабатты да уяң бауырымды "бізге келсейші" деп қыстамадым. Көңіліміз ашық, сәлеміміз дұрыс. Әкелген сықақ-суреттерін тартпамызға тығып тастамай, ұдайы жариялап жүрдік.

Осы жерде бір күлкілілеу жайды еске түсірейін. Журналист ағайындардың құлағы аманда түрік жүрсе керек. Естіген әңгіме-мәзілді шырың бұзбай жеткізейін. Біздің "Егеменге" Айдарбектің екі-үш цикл карикатурасы бірінен соң бірі шығып кеткенін көрген "Халық кеңесінің" журналистері апталық лездемелерінде суретшінің атына сөз тигізе, мысқылдай түйрейді. "Біздің Айдарбек ең тәуір дүниелерін "Егемен

айрықша құлшынды. Соны да, тосын туындылары газеттің әдеттегі безендірілу сипатын бұзып, макеттеудегі таптаурын стильге өзгеріс енгізе бастады. Карикатураның түрлі астарлы жанрында сызылған жеңіл әзілге, ашы да зілді сықақтарды арқау еткен дүниелері "Егеменнің" ішкі - сыртқы беттеріне дейін шашырап орналастырылды. Әлбетте, жаналықты өркім өркілі қабылдайды ғой. Жас қылқаламның ізденісін көзқарасы мен ойы өлі күнге ескіше, бірен-саран тоқыраудың соңғы тұяқтарына ғана оғаштау көрінгенімен жалпақ жұрт құлай құптаған.

Әлі есімде. Танертенгі макет үстінде Айдарбек жымынды, түнімен ұйықтамай салып келген бір суретін ұсынған:

— Келесі нөмірге салып жіберсеңіз, жақсы болар еді, - деген ол көмейіне кептелген күменің да жасырмады. — Әй, қайдам? Бастықтар қорқып жүрмесе...

— Көне, әкелші бермен. - Әуелде оншалықты мән қоймағаным рас. Үстелдің шетінде жатқан жалғыз жапырақ суретке қол создым. Көз қиығым түскенде-ақ күліп жібердім. — Әй, Айдош-ау! Мынауың ғажап сурет қой! Нағыз бүгінгі тақырып. Нұрлан да, Ержұман да қарсы болмас. Айтамыз, түсіндіреміз қазір...

— Өте өткір. Сақтық жасамаса дегенім да... — Кімнен қорқалды? Кімнен сақтанды? Әр ауылда болып жатқан оқиға. Жүр. Шынықтың өзі. Тамаша сурет! Бастықтар да бірденің түсінер...

— Біздердікі ұнатпаса, "Жас Алашқа" бере салам. Олар ешкімнен қорықпайды. — ?...

Іле-шала кезекті нөмірдің макетін бекіту үшін бас редактордың бөлмесіне жиналдым. Қызылды-жасылды фламас-термен сызылған макеттер мен запас материалдарымды қобырайтқан күйі

Қос аяқты қаракшылардың ұрлап-үптеуінен аман қалған жалғыз қойын әйелінің жанындағы өз орнына ұйықтатып, алаңсыз күзетіп отыр. Өмір шындығы. Сонғы кездері көптеген ауылдан кездестірген келеңсіз көрініс. Еріксіз езу тартасын. Артынша мырсылыңды тыя қоясың. Қаркылдап күлгін келеді. Бірақ, жанарына сығылып жеткен мөлдір моншақ қан тамшысындай, көзіңді де, көңіліңді де буалдырлатып өксікті сезімге түсірері хақ. Сөз жоқ, мұндай ынғайсыз сәтті сіз де кешесіз. Міне, қылқалам күдіреті, суретші шеберлігі.

Бұдан кейін де Айдарбек Ғазизұлы қоғамдағы кемшіліктер мен тіршіліктегі түйткілдерді өшкерелеген ондаған сықақ-суреттер салды. Әдемі әзілге, жеңіл юморға, уытты сарказмға құрылған бұл туындылардың қай-қайсысы да мақтамен бауыздағандай әсерге бөлейді. Сатира сурет — газет жанрының алдаспаны. Бетің бар, жүзің бар демеілі. Лауазымыңа қарамайды. Мазактайды, мінейді, түйрейді. Селебедей сылып түседі. Қан қақсатып, тұңғыық ойға шомылдырады. Әрине, өрөң мен дөгің шыдаса. Өйтпесе, карикатураға әзіл, сайқымазақ, әжуа ретінде, ағусті қарайтын тонмойындар жетіп жатыр. Ілкі сөт жымиып, сосын лақтыра салатын селтетпес маубастардың дені сіз бен біздің жанымызда жүр емес пе. Осы орайда Айдарбек қолынан шыққан "Ана тілінің тағдыры", "Түнгі көбелектер", "Жемқорлық жемсауы", "Алаяқтың ақыры", "ССРО-ның күйреуі", "Ақтандақтар ақиқаты", "Желтоқсан күйіні", "Полигон пердесі", "Дінсіздік дүрбелені" тәрізді тағы басқа туындылары қилы-қилы заманды бастан өткізген халық мұңын, дәуір шындығын, замана запыранын, ел еңсесін өзген жүйенің бет-бейнесін қазқалпында бейнелейді. Айшықты сықақ-

# ҚАҢДАУЫР

## белгілі карикатурашы-суретші Айдарбек Ғазизұлының шығармашылығы хақында

Қазақстанға" беріп жүр. Әрине, бұл дұрыс емес. Мұнысын тоқтату керек. Нанды қай газеттен жеп отырғанын білсін. Жаза қолданбаса болмайды..."

Жігіттерін сабырға шақырған бас редактор Сарбас ағамыз екідай күйге түседі. "Былай тартсаң — арба сынады, былай тартсаң — өгіз өледінің" кебі. Қанша айтқанмен қырық жыл еңбек еткен "Егемені". Бүйрегі бұрады ғой. Әрі болмашыға жүз жыртысып қайтсін. "Біздің Айдош тойған күшік тәрізді. Кәдімгі ауылдың томпаған күшігіндей өз үйінен тойып алып, көршінің ауласына барып күншуақтап мау-жырап жататын..." деп сөзінің соңын әдемі әзілге шаптырады. Мұның астарын, әрине, біреулер түсінсе, екіншілері ұқпапты...

Сөйтін жүргенде, қандай құйтырқы саясат екені белгісіз Парламенттің газеті "Халық кеңесі" газеті табан астынан жабылып, үлкен жұымның мүшелері мен дүние-мүлкі таратылды. Жер-жердегі меншікті тілшілеріне өркілі жұмыстар тауып берген Жоғарғы Кеңес аппараттағы журналистер мен техникалық қызметкерлерді билікпен келісе отырып, Алматыдағы түрлі басылымдарға бөледі. Қосымша штаттың қосылып жатқанына кім қарсылық білдірсін? Біздің "Егеменге" де оншақты жазарман орналасты. Солардың ішінде танымал суретші-карикатурист Айдарбек Ғазизұлы бар еді. Көктем күткеніміздің іргемізден шыға келгеніне мезбіз. Жасыратыны жоқ, қатты қуандық. "Өзіл суреттен ақсап жүрген "Егеменнің" бет-ажарына нәр жүгіретін болды. Айдарбектің карикатуралары сыққан сұрғылт газеттің (біз өзімізді қанша дәріптесек те, қалың оқырман "ЕК"-ның бас шұлығынші мінін көзімізге күн сайын шұқиды) сөнін келтірер деп дәмелендік. Қанша газет-журналдарды аралап, жазған туындыларын ұсынып, жариялатып жүрсе де, тіпті, әлгі тарап кеткен "Халық кеңесінде" істесе де Айдарбек газеттің ішкі кухнясын, оның ішінде секретариат сырын ықыластанан мойындамайтын боп шықты. Бұл әлгінде әңгіме әуезінде андатқандай, суретші біткенге тән одағай мінез. Ақиқатын ашық айту керек — жақсы қасиет. Қарабайырлыққа мойынұсынбай, қарапайым көрінгісі келетін Айдарбек тек таланты мен қабілетіне сенетінін әп дегеннен аңғартты. Көкейкесті мәселелерге, толғақты проблемаларға, тіршілік түйткілдері мен күнделікті өмірімізде жиі ұшырасып жататын келеңсіздіктерді әжуалаған сықақ-суреттерін қарша боратты. Саяси тақырыптарға да батыл қалам сілтеді. Қылқаламын тиген жерін қиып түсер қылышпай сермеді. Темір төртіп пен қатал жүйе әбден құрсаулап, шідерлеп тастаған тосырма тақырыптың мандайын жарқыратқан Айдарбектің басылымдарға тән тек газеттің бірінші бетіне ғана берілетін алақандай юмор салумен ғана шектелмеді. Бұрын-соңды өзге газеттер жариялап көрмеген кесек тақырыптарға арнап суреттер салуға

редактордың алдына қоюға ыңғайлана бергенде, алдындағы қаламына ұмысқан Нүрекен:

— Ертеңгі нөмірлерінде оқырман ойынан шығатын жылт еткен бірденелерің бар ма, өзі? Бүгінгі нөміріміз тым қарабайырлау шыққан сықылды, - деді пәстеу үнмен.

— Оқитын дүниелер, - деген Ерекен әр беттің макетін ойша есіне түсіре. — "Ел қауіп еткеннен айтады" топтамасы мен тілге байланысты жазушы Сұлтанәлі Балғабаевтың ашы толғанысын жоспарладық.

Қабағы жазылыңқыраған бастықтың даусы да ашылған.

— О-о, дұрыс екен.

Шуақты мезетті мүлт жібермеген мен: — Айдарбектің мына бір суреті де кімді болсын елең еткізетіні сөзсіз, - деп қолымдағыны ұстаттым.

Елпілдей ентелей суретке тесіле түскен Нұрлан қаркылдап күліп жіберді.

— Жарайсың! Тамаша әзіл. Тура бірінші беттің төменгі тұсына онша дәлітпай беріп көрейік. Сөз естуіміз де мүмкін. Ну, что... Ашы ақиқат. Қазір пейілі бұзылған екі аяқты қорқаулар бірінің малын бірі ұрлап жатыр емес пе. Ауласынан, қорасынан алып кететін көрінеді. Сұмдық қой бұл! Талғажау етіп отырған бір-екі түйені осылай күзетпегенде не істесің?! Бәрін жасап жүрген өзіміздің қазақемдер. Алысқа бармай-ақ қояйық, мына Жамбыл мен Алматының арасындағы теміржолдың бойына қараныздаршы. Ықылым заманнан бері жайқалып өсіп тұрған ағаштардың өртейтінін өртеп, қалғанын тегіс кесіп-кесіп отынға, тамыздыққа ұрлап жатыр ғой. Күре жолдың қос қапталында жыпырлай жарысқан тал-теректердің тұқылдарын көргенде ішің ашиды екен. Аянышты, обал-ақ! Сен, Айдарбек, осы тақырыпқа да арнап, таяудағы нөмірге карикатура салшы. Жұрт көрсін, күлсін, ойлансын!..

Тәуір дүниенің аты — тәуір. Айдарбектің "Түнгі күзет" аталатын сықақ-суреті ертеңінде бүкіл елді елең еткізді. Телефонмен талай жаңылар тілектестерім хабарласып, өз ықыластарын білдірген. Шындыққа сусап жүргендердің ортақ ойы: "Жасқактанбай, жалтақтамай осындай өткір дүниелерді жариялап тұру керек". Мерей маркайтар жақсы лепес. Біз де шірөндік. Илегеніміз бір терінің пұшпағы ғой. "Итің жаман дегенде өлгенім-ай" демеі ме намысқой бабаларымыз. Өйтпесе, "Күн сайын газеттеріңізді ашамыз да жабамыз, ашамыз да жабамыз" дегенді есту онай емес-ау.

Айтпақшы, Айдарбектің сағыздай созып, тәптіштей мақтаған карикатурасының мазмұнын көріп сезбен түйіп жеткізейін.

Дүйім көпті дүр сілкіндірген суретте жұлдыздары жымындаған түнгі күзет бейнеленген-ді. Құлақшыны мен қалаң тоның қымтана киген жер ортасына тақаған жігіт ағасының қолында — қос ауыз мылтық.

суреттерінің көтеріп тұрған жүгі зілмауыр. Салмағы жағынан кез келген сын мақаладан, кез келген фельетоннан құндырақ.

Аға газеттің табалдырығын имене аттаған қылқалам иесі мейілінше күштарлана тер төккен. Оның үстіне баяғыдай мамыражай мезгіл емес. Алдындағы Жанұзақ пен Рүстем ағалары секілді күнзақ фото тырнағыштап, штрих заставкалар сызып мұрнынан шаншылып жатпайды. Қарадүрсін жұмыстарды біртіндеп компьютер ауыстыруда. Сондықтан да ол біраз уақытын өзіл портреттер мен шарждар жасауға арнаған. Қандай шаруада болсын өзіндік дара қолтаңбасын байқатуға ұмтылатын Айдарбек шарж-бейнелерді өлдекімдер құсап жеңіл-желпі сүйкей салған сызықтармен көрсетпей, тұлға характері мен образын жан-жақты ашулы нысаналы мақсат етеді. Негізгі детальдарды, нақты штрихтарды ол өз кейіпкерінің болмыс-бітімін, кескін-кейпі мен мінезін айғақтау үшін ұтымды әрі орынды пайдаланады. Мәселенки, Шыңғыс Айтматов, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Шерхан Мұртаза т.б. әйгілі қаламгерлердің, тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың, қаһарман-ғарышкер Тоқтар Әубәкіровтің, сондай-ақ киелі сахна мен дүбірлі додаларда топжарған спорт сандактарын арқау еткен портреттері — тұтас бір галерея. Күрделі стильде жазылған бұл өзіндік шарждардың айтары да, мәнері де сан қатпарлы. Өзінше өрлген өрісті туындылардың астарлы калтарыстарын шеберлікпен шендестіре бейнелеудегі суретшінің қиялы ұшқыр, ойы терең, көздеген нысанасы дәл. Әдеттегі баспасөз беттерінде ұшырасатын достық әзілдер денгейінен көп биік. Әрқайсысы айтары мол бөлек-бөлек кесек картиналар іспетті. Ұтқыр шешім суретшінің тынымсыз ізденісін айқын сездіргендей.

Уытты әзілге, ашы мысқылға, уәжді күлкі мен өткір сынға өзек болған жас суретшінің туындыларын жазбай аңғарған атакты сатирик-қаламгерлеріміз Шона Смаханұлы мен Ғаббас Қабдушев кезінде ыстық қылыстарын білдіруі тегін емес. Сона тілді Шона ағамыз Айдарбектің бірнеше карикатураларына арнап мірдің оғындай өлең жолдарын тудырса, Өаббан пейілді Ғабан бозым таланттың "Өаңер" баспасынан жарық көрген "Айтпаса да түсінікті" аталатын жинағына қуана алғыс-сөз жазды. Бір қызығы, осы кітабы шыққаннан соң Айдарбекті достары мен құрдстары "Айтпаса да түсінікті" атап кетіпті.

Еңбек жолын Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында бастаған ол сурет өнеріне деген ынтасын өшірмейді. Әуелден-ақ сатираға бейім көкөрім талант қоян-қолтық еңбек етіп жүрген өріптестеріне арнап жеңіл юморлар салуын тоқтатпайды. Комбинаттың қабырға газетінде жиі жарияланатын достық әзілдері цех бастықтарына да, қарапайым жұмысшыларға да